

# Қазақтың жаны - домбыра

Ұлттық домбыра күні аудан төрінде аталып өтті

Ұлттық аспабымыз домбыра – қазақтың киесі, қасиетті қазынасы. Елбасымыздың шешімімен шілденің бірінші жексенбісі – ұлттық домбыра күні деп жарияланған болатын. Бұл рухани жаңғыру жолын және салт-дәстүрімізді дәріптейтін игі бастама.

Меңдіқара аудандық «Юбилейный» мәдениет үйінің өнерпаздарының ұйымдастыруымен ұлттық домбыра күніне орай қасиетті өнердің құдіретінен қуат алатын, өнер сүйер ағайынға арналған мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Ұлттық домбыра күніне арналған шараның



шымылдығы әсем ән мен күмбірлеген күйдің үнімен ашылып, сән-салтанатымен тойланды. Ауданымыздың өнерге жақын жандары өз өнерлерін ортаға салып, халықтың ыстық ықыласы мен игі қошеметіне бөленді.

Мерекелік концертте қасиетті домбыраны әнге қосып, жырға балап, ұрпаққа насихаттап күмбірлеген күй, әуелеген ән, тағлымы мол термелер шырқалды.

Іс-шарада сазгер, Қазақстан Республикасының Еңбегі сіңген мәдениет қызметкері Бақытжан Сәуекенов, аудан тұрғындарының сүйікті әншісіне айналып, ықыласқа бөлен-

ген Ғалымжан Маутанов «Домбыра» әнін орындады. Әжелер ансамблі «Күн дидарлы, Қазақстан» әнін шырқап, мерекелік кешке керемет әсер сыйлады. Өнерпаз Байдос Қожсағиев «Жігіттерге өсиет» термесін нақышына келтіріп, халықтың көңілінен шыға білді. «Домбыра сазы» ұлт-аспаптар ансамблі өз өнерін ортаға салып, мерекелік кештің шайырын келтірді. Ауданымызға өнерімен танылған Болатовтар отбасы да бұл күнде мерекелік концертке өз үлестерін қосты.

- Мерекелік концертті тамашалап, тамаша әсерге, керемет көңіл-күйге бөленіп отырмыз. Ауда-

нымызда осындай шаралардың өтіп жатқанына, керемет өнерпаздардың барына қуаныштымыз. Домбыра бұл біздің қасиетті аспабымыз. Барша жерлестерімді, аудан тұрғындарын Ұлттық домбыра күнімен құттықтаймын,- деді ауыл тұрғыны Жаңыл Мұсақызы.

Өнер әлеміндегі өзіндік орны бар, тарихы таусылмас, тамыры терең ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын, әлемге әйгілі болған көне домбырамыздың құрметіне, арналған мереке аудан төрінде осылайша аталып өтті.

*Тұрсынәй МҰХТАРҚЫЗЫ  
Фото архивтен алынған*